«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

25 қаңтар 2021ж

Тараз қаласы

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС

ПРИКАЗ

№ 14-НК

город Тараз

«София» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметінің тарифін және тарифтік сметасын қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10), 12) тармақшаларына, 22-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» 601-тармағы 1) тармақшасына және 607-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті төраға міндетін атқарушысының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті туралы ереженің» 14-тармағының 13) тармақшасына және 19-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «София» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметінің тарифін және тарифтік сметасын 2021 жылдың 1 ақпанынан бастап 2022 жылдың 1 ақпанына дейін қолданысқа енгізілуімен:

1) жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне арналған орташа-босату тарифі 1 Гкал үшін 14165,63 теңге мөлшерінде, оның ішінде: тұрғындарға орташа-босату тарифі 1 Гкал үшін 3131,35 теңге мөлшерінде, жалпы алаңның 1 м2-і үшін 82,27 теңге мөлшерінде, заңды тұлғаларға 1 Гкал үшін 30693,64 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. «София» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметінің тарифін және тарифтік сметасын 2022 жылдың 1 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілуімен:

1) жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне арналған орташа-босату тарифі 1 Гкал үшін 14488,34 теңге мөлшерінде, оның ішінде: тұрғындарға орташа-босату тарифі 1 Гкал үшін

000338

3202,69 теңге мөлшерінде, жалпы алаңның 1 м2-і үшін 84,14 теңге мөлшерінде, заңды тұлғаларға 1 Гкал үшін 31392,88 теңге мөлшерінде бекітілсін.

3. Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметінің арналған тарифтік сметасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті басшысының 2019 жылғы 6 қарашадағы № 10-НҚ және 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 64-НҚ бұйрықтарының күштері жойылсын.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (Б.Момбаев) осы бұйрықты «София» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысының орынбасары Б.Ж.Көрпебаевқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **Е. Дүйсембиев**